

Құнды шежіре

Шежіре — тарихтың бір тармағы. оны таратып жазу оңай емес. Ізденіп еңбектену керек. Жеті ата сын білмегендер бара-бара мәңгүртке айналды. Дүбара біреу боп шығады.

Таяуда Шет ауданының құрметті азаматы қарт теміржолшы Серік Ыбышұлының «Кәрсөн — үш ата шежіресі» атты кітабы қолымызға тиді. Автор барды бар деген. Қысқа жазса да нұсқалап аз-сөзге көп мағына сидыған. «Меніңше тарихты, шежірені зерттеу, оқу жат тауды әр азамат өзінен бастау керек». «Алдымен өзіңді таны депті өткен дана бабаларымыз» деген жолдарды оқыдық кітаптан. Шежірені ел ішінен

жинағанда автор біраз қиналған. Қазақстанның бірнеше облысын, елді-мекенін аралаған. Қырғызстан жерін де жылдар бойына аралауға тура келген. «Жол азабы, бәрінен де ата-мекен ел жұрттан адасқан бауырлардың



рухани азабы жанымды қинады» деп ағынан жарылады Серік Ыбышұлы. Шежірені баяндауға автор барынша адал болуға тырысқан. Өзгенің еңбек

терін сол қалпында келтірген. Авторлығына қиянат жасамаған. Шежірені жинағанда ақпар бергендердің аты-жөнін келтіріп отырған.

Серік ақсақал ауыз көмегін бергендердің де аты-жөнін хатқа түсіруді ұмытпаған. Бұл кітап дәйек-деректерінің дәлдігімен, аталарды таратқандағы айқындығымен құнды.

Кітапта ел мен жер атаулары, ескі бейіттердің, қай жерде қалай салынғаны дәлме-дәл анық жазылған. Үш атаның айтулы адамдарының ғибатты сөздері мен олар өмір сүрген дәуірдің шындығы да штапта айқын келтірілген.

Атақты Тарпаң бай және оның ұрпақтары жөніндегі аңыз оқырманды еш жалықтырмайды. Кітап тартымды жазылған.

Өмір КӘРІПҰЛЫ,
жазушы.

Ақадыр кенті.